

Main priorities and prospects of economic development of Pavlodar

In the article the results of an analytical assessment of economic capacity of Pavlodar city are considered. Determination of internal reserves of socio-economic development of the region currently becomes an important task solution of which requires development of new approaches to definition of essence, structures, methods of an assessment of social and economic potential. The size of social and economic capacity of the region characterizes a level of development of productive forces, defines competitiveness and extent of capitalization of the enterprises.

Keywords: *strategic plan, development indicators, industry, economic capacity of the region, innovative technologies.*

ӘОЖ 338.431.2 (574)

А.С. Нарынбаева, экономика ғылымдарының кандидаты,

С.Е. Кайдарова, экономика ғылымдарының кандидаты

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың шетелдік тәжірибесі

Аннотация. *Мақалада ауылшаруашылық өндірісін мемлекеттік қолдаудың шетелдік тәжірибесі қарастырылды. Авторлар Агроөнеркәсіп кешенінде болып жатқан инновациялық үрдістерді (биоресурстарды қолдануды) талдады және ауылшаруашылық саласындағы қаржылық қолдаудың негізгі бағыттарын анықтады.*

Түйін сөздер: *шетелдік тәжірибе, аграрлық сектор, инновациялық технологиялар, экономикалық нәтиже, ауылшаруашылық өнімі.*

2012 жылдың ақпан айында АҚШ ауыл шаруашылығы министрлігі ауыл шаруашылығы секторы бойынша өзінің болжамын жариялады. 2016-2017 жылдарға дейінгі кезеңді қамтитын болжамдар, ауыл шаруашылығының альтернативтік (балама) секторының нәтижелерін талқылау үшін бастапқы нүкте ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар, жарияланымның ауыл шаруашылығы бойынша ағымдағы заңнама әрекетінің ұзаққа созылу жағдайында оқиға дамуының мүмкіндігі жөнінде шартты ұзақ мерзімді сценарий және сыртқы жағдайлар туралы нақты жорамал ұсынуы көрсетіледі.

АҚШ-та фермерлерге қолдау көрсету шеңберінде Fair Trade («Әділетті сауда») деген жазумен бірқатар тауарларды таңбалау бағдарламасы өткізіледі. Бұл тауарлар әдеттегі тауарларға қарағанда шамамен екі есе қымбат сатылады, саудадан түскен ақшаның бөлігі америкалық фермерлерді қолдауға жұмсалады. Осы бағдарламаны сынаушылар осы қаражаттың маңызды бөлігі бөлшек сауда компаниялары, сондай-ақ делдалдар (саудалық емес ұйымды қоса алғанда) есебінде қалады деп мәлімдейді. Дегенмен Fair Trade бағдарламасына қатысушы ұйым өкілдері, бағдарламаның іске асырылуынан пайданы ең алдымен америкалық фермерлер алады деп мәлімдейді. Аталған бағдарлама кемінде бес делдалды қысқартуға көмектеседі, бұл фермерлерге америкалық көтерме компаниялармен тікелей келісім жасауға және белсенді экспорттық әрекет жасауға жағдай туғызады. 2010 жылы Trans Fair USA-дан алынған лицензиялық төлемдер 1,9 млн долл. жетті. Fair Trade бағдарламасы АҚШ-та тез ұлғаюда. 35 мың америкалық бөлшек сауда компаниялары және мейрамханалар (3 жыл бұрынғымен салыстырғанда 60 % жоғары) өнімдері Fair Trade жапсырмасымен сағады [1].

2012 жылы өсімдік шаруашылығы өнімін өндірудің төмендеуі есебінен АҚШ ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемі толығымен қысқарды. Мал шаруашылығының шамалы өсімі байқалды. 2010 жылмен салыстырғанда толығымен бір жыл ішінде ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 3 пайызға төмендеді. Нәтижесінде АҚШ ЖІӨ-де ауыл шаруашылығы секторының үлесі төмендеді. Экономиканың бұл секторынан бюджетке түсетін түсімнің көлемі азайды. Америкалық фермерлер федералдық бюджеттен едәуір қаржылық субсидия алуын жалғастыруда. 2011 жылы АҚШ үкіметінен фермерлік қожалықтарды қолдауға 20 млрд. долл. бөлінген, 2010 жылы бұл бюджеттің шығысты бабын 21 млрд долл.-ға жеткізу көзделген (кесте 1).

2012 жылы АҚШ-тағы фермерлік шаруашылықтың жалпы саны 2,1 миллионды құрады. Жалпы ауыл шаруашылық өнімін өндірудің 90 пайызы ұсақ фермерлік шаруашылықтың үлесінде болғанымен, ауыл шаруашылық секторының өндіріс құрылымы орта және ірі фермерлік қожалықтар өндірісінің көлемін көбейту жағына өзгеруін жалғастырды. 2012 жылы АҚШ үкіметі орта және ірі қожалықтарға қаржылық субсидия бөлуді көбейтті, 2011 жылы осы үрдіс сақталды.

АҚШ ауыл шаруашылығы министрлігі мәліметтері бойынша, америкалық ауыл шаруашылығы экспортының 2011 жылы деңгейі көтерілді (61,4 млрд долл.) және 2012 жылы 62,9 млрд долл. рекордтық көлемге жетті. АҚШ ауыл шаруашылық импорт көлемі өз өсуін жалғастырып кезекті рекордтық көрсеткішке 59,3 млрд долл. жеткізілді.

Кесте 1 – АҚШ бойынша бастапқы болжамының орташа көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2012-2013жж. факт	2014-2015жж. болжам	2016-2017жж. болжам
Бидай			
Егістік жер, млн га	19,9	20,1	20,1
Түсімділігі, т/га	2,7	3	2,9
Өндіріс, млн т	54,6	58,6	61,1
Тұтыну, млн т	31,4	36,1	33,7
Азықтық және басқалар	4,3	8,2	5
Экспорт, млн т	27,3	26,5	30,6
Әлемдік экспорттағы үлесі, %	24,7	21,5	21,9
Жыл аяғындағы қоры, млн т	14	13,1	11,6
Фермерлік баға, долл/т	133	160	167
Жүгері			
Егістік жер, млн га	29,1	33,5	33,5
Түсімділігі, т/га	9,2	10	10,7
Өндіріс, млн т	267,7	333,9	357,9
Тұтыну, млн т	222,3	284	300,2
Азықтық және басқалар	150,8	146	151,7
Экспорт, млн т	36,8	101,6	110,4
Әлемдік экспорттағы үлесі, %	49	48,9	57,1
Жыл аяғындағы қоры, млн т	62,3	57,1	59,7

АҚШ әкімшілігі шетелде америкалық ауыл шаруашылық өнімін өткізу мүмкіншілігін кеңейтуге бағытталған белсенді сыртқы экономикалық саясатты жалғастырды. Бұл мақсатта америкалық ауыл шаруашылық өніміне импорттық баж салығының біртіндеп жойылуын алдын ала қарастыратын, АҚШ-пен жасалағын еркін сауда туралы екі жақты және аймақтық өзара келісім қолданылды. Осы уақытта америкалық өндірушілер ауыл шаруашылығының импорттық өндірісіне қатысты қорғау шараларын енгізу үшін АҚШ заңнамасында көзделген мүмкіндіктерді белсенді пайдалануды жалғастырды [2].

Соңғы жылдары биоотын өндірісі және қолданысы көп елдерде кең масштабқа ие болуда. АҚШ-та жиналған жүгерінің айтарлықтай бөлігі автокөліктерге отын ретінде қолданылатын этанол өндірісіне жіберіледі. Алдыңғы жылы елдегі бұл дәнді дақылдар өнімі 10,5 млрд буш. (1367,5 млрд литр) жетті, оның 1/5 бөлігінен 112 америкалық зауытта 5 млрд галл. этанол өндірілген. Егер қайта құрылып жатқан және салынып жатқан этанол өндіретін америкалық фабрикалар жақын уақытта жұмысын бастаса, онда сарапшылардың бағалауы бойынша 2011 жылы этанол өндіретін шикізат үшін АҚШ-тағы барлық жүгері өнімі көлемінің жартысынан көбі жұмсалады. Тамақ өнеркәсібі саласында қызмет ететін этанол өндіретін зауыттар мен фабрикалар арасындағы «Жүгері үшін күресті», американдық сарапшылар ауыл шаруашылығындағы және бүкіл әлемдік экономикадағы қатаң өзгеріс белгілерінің бірі деп санайды. Егер алғашқы кезде астық тек адамдарға тамақ және үй малдары үшін азық ретінде қолданылса, енді мұнай бағасының өсуіне, адам өмірі құнының артуына, атмосферадағы зиянды заттар эмиссиясына шек қоюға байланысты ауыл шаруашылығы дақылдары биоотын алуға шикізат ретінде жиі қолданыла бастады. Биоотынды қолдануды кеңейту, мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

АҚШ Конгресі 2030 жылға биоотын өндірісін жылына 60 млрд галл. дейін арттыруға бағытталған шаралар қарастыруда. Биоотын өндірісі тек Құрама Штаттарда ғана емес, сонымен қатар ЕО елдерінде де көп қызығушылық туғызып отыр. Еуроодақ құрамындағы елдердің энергетика министрлері 2012 ж. осы елдермен тұтынылатын жанар майдың 5,75 пайызын биоотынмен ауыстыруға, 2020 жылы бұл көрсеткішті 10 пайызға дейін жеткізуді ұсынды. Әзірше ЕО көпшілік елдері тіпті әуелгі қойылған 2008 жылы қолданыстағы жанар майдың екі пайызын биоотынмен ауыстыру тапсырмасын орындамады. Бұл мақсатқа тек Швеция мен Германия жетті. Сарапшылардың айтуы бойынша, бұның бір себебі ЕО елдеріндегі фермерлерге бөлінетін әртүрлі ауыл шаруашылық субсидияларына қарамастан, биоотын өндірісінің өзіндік құны жоғары болуында. Британдық экономистердің есебі бойынша, рапс тұқымынан өндірілетін 1 л дизель жанар май мұнайдан алынған жай жанар майдан 0,3 евро (0,39 долл.) қымбат тұрады. ЕО елдері ішінде әдеттегі жанар майды оның экологиялық таза аналогымен ауыстыру проблемасын шешумен ерекше белсенді айналысатын Германия, биоотынды пайдалануға ықпал ету мақсатында, неміс мұнайөндіруші зауыттарына олармен өндірілетін өнімге биоотынның белгілі мөлшерін қосуды міндеттеді.

Дәнді дақылдардың өсімі жоғары және оларды өсірудегі өзіндік құны төмен болатын ыстық климатты кедей елдерден биоотынды алу арзанға түседі және экологиялық таза болады. Протекционистік күйдегі еуропалық фермерлер басқа елдерде өндірілген биоотынды қолдануға қарсы. ЕО бразилиялық этанолға жоғарғы тариф қойды. Энергияның жанарған қайнар көздерінен өндірілетін жанармай үшін Еуроодақ ішінде қолданылатын техникалық мінездеме ЕО елдеріндегі рапс тұқымынан өндірілетін қымбат биоотын есебімен жасалған сондай-ақ биоотын ретінде қолданылатын арзан импортталатын пальма майына сәйкес келмейді. Көптеген сарапшылардың пайымдауынша, жанар майдың экологиялық таза түрлерін экспорттаушы әл-ауқаты төмен елдерде биоотын өндіруге қолданылатын ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігін көбейтуге талпынатын фермерлердің әрекетінен басқа өсімдіктерге зияны тиіп, қоршаған ортаға мұнай немесе газды жаққаннан да анағұрлым зиянды болмақ.

Биоотын өндірісінің көбеюі, ауыл шаруашылығына елеулі өзгерістер енгізеді және фермерлік шаруашылықтың дамуына әсерін тигізеді деп мәлімдейді сарапшылар. Этанол өндіруге сұраныстың көбеюі әсерінен пайда болған жүгері құнының өсуі қытайбұршақ және басқа да дәнді дақылдардың тұқымы, сонымен қатар тамақ өнімдері бағасының өсуіне әкелді. Содан кейін ет, құс бағаларының өсуіне соғады. Америкалық құс етін өндірушілер, олардың шығыны дәл қазір 1,5 млрд долларға өсіп үлгергенін мәлімдейді.

Жүгері өндіретін америкалық фермерлер табысы елеулі көбейіп, федералдық бюджетке де оңды әсер етті, үкімет фермерлерге берілетін ауыл шаруашылығы субсидияларын 2011 ж. 8,8 млрд доллардан 2012 ж. 2,1 млрд долларға төмендетуге ерік берді [3].

Сарапшылардың пікірі бойынша, кейбір өсімдіктерді дұрыс пайдалану барлық адамзатты оған керек энергиямен қамтамасыз етеді. Этанолдың тиімді көздері көпжылдық дала шөптері де болуы мүмкін. Олардың терең тамырлары олармен ауада қолданылатын көмірқышқыл газын ұстап қалады, топырақты жақсартады және аз суды қажет етеді. Сарапшылардың есебі бойынша, бұл шөптер тек 49 млн акр. себілген, 2030 жылына 139 млрд. галл. этанолдың қайнар көзі болуы мүмкін.

Өсімдік майының әлемдік нарықтағы жағдайы жоғарғы дәрежелі сұраныспен айқындалады. АҚШ, Еуропа және Азия елдеріндегі биодизель отынына қажеттіліктің өсуі болашақта өсімдік майларына деген сұраныстың тек қана көбеюін куәландырады. Әсіресе Қытай және Индонезия секілді перспективалы дамушы елдерде, азық секторында майға сұраныс жоғарғы қарқынмен өсуде.

Канадалық Kostal Ag Consulting консультациялық компаниясы өкілінің пікірінше АҚШ-тағы қытай бұршағы өндірісінің азаюының орнын Бразилия толтыруы қажет, таяудағы 3-5 жылда қытай бұршағы егілетін алаңдарын жобамен 10 млн га көбейтуі керек. Егер 2010-2012 ж. АҚШ-та қытай бұршағы шикізатының жеткілікті көлемі бар болса, онда бұл жағдай келесі маусымда түбірімен өзгереді.

Америкалық Morgan Stanley талдамалық фирма 2011-2012 жылы және 2011-2012 ж. қантқа төменгі бағаның сақталуын болжайды. Ақпанның ортасында қант шикізатқа белгіленген бағасы фунтына 11 цент болған. Компания сарапшылары күтілетін баға сұранысына ұсыныстың жоғарылауы салдарынан 2012-2013 ж. фунтына 10 центке түсуі мүмкін деп есептейді. Нью-Йорк нарығында қант шикізат 2010 ж. басында фунтына 19 центтен сатылған, яғни алдыңғы 25 жылдағы ең жоғарғы бағамен.

Czarnikow International Sugar Organisation делдалдық компаниясы әлемдік нарықтағы артылған қантқа өз бағасын көтерді. Оның мәліметтері бойынша 2009-2010 ж. қант өндірісі тұтынуы 6 млн. тоннаға артық. Жекелеген елдердегі болжамды қайта қарауымен байланысты әлемдік өндіріс бағасы 2009 қарашада болжамдалған 154,4 млн т 2009-2010 ж. 161,3 млн т көтерілген. Ағымдағы маусымда қанттың жалпы тұтынуы 154,4 млн т құрайды деп күтіледі. Тіркелмеген тұтыну көлемі шамамен 1 млн т бағаланады. Көрсетілген фирманың сарапшылары әлемдік қант өндірісінің көбеюін Солтүстік жарты шарда өнімнің шығарылуының өсуімен түсіндіреді, әсіресе Қытай мен Тайландта. Болжам бойынша жоспарланатын қанттың артылып қалғаны, нарыққа қатты қысым көрсететін тауар қорларын толтырады.

Осы жоспар айтылмаш секторды субсидиялау мәселе бойынша АҚШ ұсынған бірінші ауқымды бастама болып табылады. Оның шешіміне ұсынылған тәсілдің негізгі элементі болып балық аулау кәсібіне мемлекеттік қолдауды тоқтату болады, егер ол ресурстық базаға артық жүк түсіруге бастаса. Балық аулау кемелерін жалға алуға, оларға отын мен жанар жағар май алуға және балық аулауды ұйымдастыру мен теңіз өнімін дайындау жабдыктарына мемлекеттің қаржылық көмегін тыюға ұсыныс жасалады.

Халықаралық экологиялық ұйым Oceana мәліметтері бойынша балық аулауды жүргізуге арналған биоресурстық базаға тым жүктеме түсіретін субсидиялар жылына 20 млрд долл бағаланады, жалпы «балық аулау субсидиясы» 34 млрд құрайды.

БҰҰ мәліметтері бойынша балық ресурстарының 52 пайызы тұрақты аулау деңгейінде немесе оған жақын қамтамасыз ету үшін шегінде пайдаланылады, ал 20 пайызы – бұл шектен артық деңгейде. Oceana сарапшылары әлемдегі балық аулау кәсіпшілігімен айналысатын флоттар күші Әлемдік мұхиттағы балық ресурстарының осы кездегі көлемін сақтап қалу үшін қажетті осы шегінен 2,5 есе артық деп есептейді. Кейбір сарапшылар теңіз және мұхиттардағы (балықтар мен теңіз өнімдері) ресурс базасын шектен тыс пайдалану 2008 ж. олардың азаюына әкеледі деп ескертеді. 2008 ж. дәстүрлік балық кәсібі аймағының 29 пайызы тұрақты балық аулау кәсібін жүргізуге өнімсіз болды.

Әлемдік мұхиттың биологиялық ресурсына шамадан тыс жүктеме болатын субсидиялардан бас тарту, оны қорғауға арналған үлкен бірауқытты акция болып табылады. Ол, Жапония, ЕО және Қытай балық аулау кәсібін айтарлықтай үлкен көлемде субсидиялайтынын атап көрсетті, бұл негізделген аудандағы елдерден алыс балық аулауды жүргізуге мүмкіндік береді, атап айтқанда Африка және Латын Америка

жанында. АҚШ өз ұсынысын, сондай-ақ Жаңа Зеландия мен Бразилия ұсынған бастамашылықты өте түбегейлі шаралар деп есептейді, өйткені барлық жағдайларда кейбір ерекшеліктермен субсидияға тыйым салуды жүргізу қарастырылуда. Батыс Еуропада және Жапонияда әзірленген жоспарлар аз тереңдігімен айрықшалынады. Америкалық бастамашылықты табысты іске асырған жағдайда балық субсидиясы, Осеана есебі бойынша, жылына 20 млрд-қа қысқарады [4].

АҚШ жоспарын толық қолдағанның өзінде ДСҰ-ң басқа қатысушылары тарапынан жаңа ереже осы ұйымның бағыты бойынша жаңа ғаламдық сауда келісімді жасаған жағдайда ғана нақты нормативтік база болады.

Америкалық ІҚМ тері шикізатын өткізудің негізгі нарығы Қиыр Шығыс болып табылады, оған 82 % шамасында келеді. Соңғы жылдары Америка тері шикізаты сарапшылары дамушы қытай нарығына көп бағдарланып отыр, бұл АҚШ-тан ІҚМ терісін шетке шығаруының 2011 жылы 5,4 млн дана салыстырғанда 2012 жылы 8,2 млн дана және сәйкесінше Америка экспортында Қытайдың салыстырмалы салмағының артуы 28 ден 43 пайызға дейін өсуімен дәлелденеді. Сол уақытта АҚШ-тан ІҚМ терілерін Жапония, Корея Республикасы, Тайвань және Гонконг елдеріне жеткізуі азайғаны байқалады.

2012 жылы АҚШ-тан Қытай нарығына ІҚМ жеткізудің өсуі байқалды. Сәуірдің аяғында америка тері шикізаты экспортында Қытай үлесі 47 пайызға көтерілді. Қытаймен тері шикізатын сатып алуының өсуіне қарамастан, осы жылдың қаңтар – наурыздағы тері бағасы орташа данасына тек 4 – 5 долл. өсті.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сулян В. Роль государства в экономике: американский опыт // Проблемы теории и практики управления. – 2002. – №4. – С. 10-14.
- 2 Дүйсенбай К.Б., Масунбаева Л.Н. Производство агропромышленной продукции при рыночной экономике. – Семипаланиск, 2009.
- 3 Першукевич П.М. Социально-экономическое развитие агропромышленного производства на инновационной основе: проблемы и их решения. – Новосибирск, 2011. – 36 с.
- 4 Кузнецова В.В., Быкадоров В.П. Экономика сельского хозяйства. – Ростов н/Д.: Феникс. – 2005. – 346 с.

REFERENCES

- 1 Supyan V. Rol' gosudarstva v ehkonomike: amerikanskij opyt // Problemy teorii i praktiki upravleniya. – 2002. – №4. – S. 10-14.
- 2 Dujsembaj K.B., Masunbaeva L.N. Proizvodstvo agropromyshlennoj produktsii pri rynochnoj ehkonomike. – Semipalanisk, 2009.
- 3 Pershukevich P.M. Sotsial'no-ehkonomicheskoe razvitie agropromyshlennogo proizvodstva na innovatsionnoj osnove: problemy i ikh resheniya. – Novosibirsk, 2011. – 36 s.
- 4 Kuznetsova V.V., Bykadorov V.P. Ehkonomika sel'skogo khozyajstva. – Rostov n/D.: Feniks. – 2005. – 346 s.

РЕЗЮМЕ

*А.С. Нарынбаева, кандидат экономических наук,
С.Е. Кайдарова, кандидат экономических наук
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)*

Зарубежный опыт развития агропромышленного комплекса

В статье рассмотрен зарубежный опыт государственной поддержки сельскохозяйственного производства. Авторы проанализировали инновационные процессы (использование биоресурсов), происходящие в агропромышленном комплексе, и определили основные направления финансовой поддержки в области сельского хозяйства.

Ключевые слова: *зарубежный опыт, аграрный сектор, инновационные технологии, экономический эффект, сельскохозяйственная продукция.*

RESUME

*A.S. Narynbayeva, Candidate of Economic Sciences,
S.E. Kaidarova, Candidate of Economic Sciences
Innovative University of Eurasia (Pavlodar)*

Foreign experience of development of agrarian and industrial complex

The article considers foreign experience of the state support of agricultural production. The authors analysed innovative processes (use of bioresources), occurring in the agrarian and industrial complex and defined the main directions of financial support in agriculture area.

Keywords: *foreign experience, agrarian sector, innovative technologies, economic effect, agricultural production.*

УДК 332.012.324

Ж.Д. Нурғалиева

Колледж Инновационного Евразийского университета (г. Павлодар)

E-mail: zhuldyz.knowledge@mail.ru

Роль малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан и государственные механизмы их развития

Аннотация. В данной статье рассмотрены государственные инструменты поддержки малого и среднего бизнеса, а также кардинальные меры по улучшению условий для предпринимательской деятельности.

Ключевые слова: концепция, малый и средний бизнес, поддержка, развитие.

В развитых странах малый и средний бизнес развивался на рельсах рыночной экономики эволюционно и в течение многих лет. До начала становления независимого Казахстана экономика Советского Союза функционировала на плановой системе и основывалась на государственной собственности. И только последние десятилетия у нас происходит активное развитие данного сектора. Это сравнительно недостаточное количество времени, особенно, с учетом сложностей переходного периода, которые пережила наша республика в процессе своего становления [1].

В Концепции вхождения Казахстана в число 30 самых развитых стран мира президент РК Н. Назарбаев определил долгосрочные приоритеты, и одним из них является развитие малого и среднего бизнеса. Развитие данного сектора экономики стало главным инструментом индустриальной и социальной модернизации Казахстана в XXI веке. Чем больше доля малого и среднего бизнеса в нашей экономике – тем более устойчивым будет развитие Казахстана [2].

Меры поддержки частного предпринимательства, предпринятые государством, беспрецедентны по своему масштабу среди стран СНГ. По поручению Главы государства создан Координационный совет по вопросам предпринимательства в целях эффективной реализации Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2020 года, программы форсированного индустриально-инновационного развития страны и «Дорожной карты бизнеса 2020». Совет объединил в себе функции антикризисного совета, комиссии по устранению административных барьеров и рабочей группы по ведению бизнеса, сохранив выработанный ранее механизм взаимодействия и обеспечивая преемственность. Данный консультативно-совещательный орган создан для открытого диалога по актуальным экономическим вопросам и выработки консолидированной позиции государственных органов и бизнес-структур при решении как стратегических, так и текущих задач по развитию национального предпринимательства.

Благодаря активной работе Правительства по улучшению бизнес климата в стране в течение последних 6 лет Казахстан сегодня повысил свою позицию в рейтинге «Doing Business» Всемирного Банка, характеризующем степень легкости ведения бизнеса с 80-го до 47-го места из 183 стран. Россия в данном рейтинге на 120, а Белоруссия на 69 месте.

Особо следует отметить, что существенным составляющим показателем этого рейтинга является система налогообложения субъектов частного предпринимательства. По данному показателю Казахстан занимает 39 место, когда аналогичные показатели России и Белоруссии составили 105 и 183 места соответственно.

Не менее важным критерием условий ведения бизнеса является «Защита инвесторов» в соответствии с которым, Казахстан находится на 44 месте, Россия – 93, а Белоруссия в 109 месте [3].

Важно отметить, что частному предпринимательству в Казахстане со стороны государства оказывается существенная финансовая и нефинансовая поддержка.

На данный момент реализуется комплекс мер поддержки и развития предпринимательства через такие программы, как «Производительность-2020», «Занятость-2020», «Дорожная карта-бизнеса-2020», Программа развития моногородов, «Агробизнес-2020». По словам первого вице-министра регионального развития РК Каирбека Ускенбаева, самой востребованной со стороны предпринимателей является Программа «Дорожная карта бизнеса-2020». Так, по состоянию на 4 марта к субсидированию ставки вознаграждения банковских кредитов одобрено 2812 проектов на сумму свыше 710 млрд тенге, по гарантированию одобрено 154 проекта на сумму 19 млрд тенге. В результате принимаемых мер было сохранено 136 тысяч и дополнительно создано 35 тысяч новых рабочих мест. Ведется активная работа по открытию Центров обслуживания предпринимательства, что получило одобрение со стороны бизнеса. На областном уровне полноценно функционирует два пилотных центра в городах Алматы и Шымкенте. В моногородах работают 24 центра поддержки предпринимательства, в пяти областях республики действуют мобильные центры поддержки бизнеса в отдаленных местах [3].

На заседании Совета национальных инвесторов под председательством Главы государства были обсуждены актуальные вопросы развития отечественного бизнеса и инвестиций. В работе Совета приняли участие руководители государственных органов, национальных компаний, представители Национальной палаты предпринимателей и бизнес-сообщества страны.